



2025 жыл

2025 жылы Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша келесідей іс-шаралар жүргізілді.

1. Қаржылық бақылау шаралары шеңберінде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің кірістер мен мүлік туралы декларацияларды (270.00-нысан) (2025 жылғы 15 қыркүйекке дейін) тапсыру бойынша ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді.

2. Сатып алу мониторингін жүргізу шеңберінде Комплаенс-бақылаушы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне де талдау жүргізді. 2025 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. 2025 жылғы 23 қазаннан бастап Қордағы лауазымға кандидаттарға, Қор жұмыскерлеріне оларды басқа лауазымға ауыстыру кезінде комплаенс бағалау жүргізу, сондай-ақ мынадай лауазымдық міндеттерді жүзеге асыратын кандидаттарға және (немесе) жұмыскерлерге қатысты жыл сайынғы арнайы комплаенс бағалау жүргізу рәсімі енгізілді:

1) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу;

2) төлемдерді, оның ішінде SWIFT инфрақұрылымында жасауға, санкциялауға, бекітуге және жүргізуге қатысу;

3) атқаратын лауазымына қарай толық материалдық жауапкершілік туралы шарттар жасалған не жасалатын Қоғам бөлімшелерінің жұмыскерлері мен басшылары.

Кандидаттар мен жұмыскерлерді комплаенс бағалау алынған ақпарат пен мәліметтерді мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық және өзге де комплаенс-тәуекелдер белгілерінің болуы қатысында талдауды көздейді. Арнайы комплаенс бағалау шеңберінде кандидаттар мен жұмыскерлердің қолданыстағы қарыздары бойынша қаржылық тәртіп қосымша талданады.



4. 2015 жылғы 18 қарашада № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 11-бабының нормаларын ескере отырып, Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша МКБ маманының қатысуымен 2024 жыл үшін декларацияларды (270.00-нысан) тапсыру мәселелері бойынша Қор қызметкерлерін оқыту жүргізілді.

2024 жыл

2024 жылы Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша келесідей іс-шаралар жүргізілді.

Қаржылық бақылау шаралары шеңберінде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің кірістер мен мүлік туралы декларацияларды (270.00-нысан) (2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін) тапсыру бойынша ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді.

2022 жылғы 1 қаңтар - 2024 жылғы 21 маусым аралығындағы кезеңде «ҚОҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілердегі, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттардағы, бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СЖТІТ) жүргізілді.

Нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді (Басқарманың 2024 жылғы 4 шілдедегі шешімі (№21 хаттама). Аталған Жоспарды іске асыру қорытындысы бойынша барлық іс-шаралар толық көлемде және мерзімінде орындалды.

Сатып алу мониторингін жүргізу шеңберінде Комплаенс-бақылаушы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне де талдау жүргізді. 2024 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2015 жылғы 18 қарашада № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 11-бабының нормаларын ескере отырып, Алматы қаласы



«Қазақстан орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы

Акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»

Бостандық
бойынша

ауданы
МКБ

маманының қатысуымен 2023 жыл үшін декларацияларды (270.00-нысан) тапсыру мәселелері бойынша Қор қызметкерлерін оқыту жүргізілді.

2023 жыл

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Қор) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс шеңберінде 2023 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді.

2021 жылы өткізілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша іс-шараларды іске асыру жұмысы аяқталды.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мониторингін жүргізу тәртібі бекітілді, оның шеңберінде басқа іс-шаралармен қатар Қордың Комплаенс-бақылаушысы мониторингілеуге арналған өлшемшарттар бойынша өткізілген сатып алуларға сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қатысында талдау жүргізеді.

Қаржылық бақылау шаралары шеңберінде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің кірістер мен мүлік туралы (270.00-нысан) және активтер мен міндеттемелер туралы (250.00-нысан) декларацияларды тапсыру бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының талаптарын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Комплаенс-бақылаушысы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, оған сәйкес Ереже нормалары ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкестікке келтірілді.



«Қазақстан орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы

Акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»

Қор қызметкерлері үшін ҚР ҰБ мен «ҚОҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша оқыту жүргізілді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Комплаенс және іскерлік этика қауымдастығы (ҚР) және Котрга компаниясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті дамыту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу тақырыбы бойынша ұйымдастырған вебинарларға, форумдарға және өзге де оқытуларға қатысты.

2022 жыл

2022 жылы Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары бекітілді, онда Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлық қағидалары, Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын іске асыру шеңберінде шектеулер, тыйымдар мен талаптар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар бекітілді.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Комплаенс-тәуекелді басқару қағидалары бекітілді, онда әдіснамалық негіз регламенттелді, комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі мен процестері айқындалды, сондай-ақ комплаенс-тәуекелді басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар регламенттелді.

2021 жылы өткізілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша іс-шараларды іске асыру жұмысы жалғастырылды.



«Қазақстан орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы

Акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»

Қордың Комплаенс-бақылаушысы аталған Іс-шаралар жоспарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіп, одан әрі Қордың Басқармасы мен Директорлар кеңесіне есеп берді.

Қор қызметкерлері үшін бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бойынша, мүдделер қақтығысын реттеу және Қордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша оқыту жүргізілді.

Қаржылық бақылау шаралары шеңберінде Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00-нысан) тапсыру бойынша ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Комплаенс және іскерлік этика қауымдастығы (ҚР) және Котрга компаниясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті дамыту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу тақырыбы бойынша ұйымдастырған вебинарларға, форумдарға және өзге де оқытуларға қатысты.

2021 жыл

2021 жылы Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді.

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Комплаенс-бақылаушысы туралы ереже бекітілді, онда комплаенс-бақылаушы лауазымына қойылатын жалпы ережелер, біліктілік талаптары, комплаенс-бақылаушының мақсаттары мен міндеттері, комплаенс-бақылаушының құқықтары, лауазымдық міндеттері мен жауапкершілігі регламенттеледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Тәуекелдер департаментінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі хатына сәйкес Қорға қызметте қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарға, бизнес-процестерге және Қордың құрылымдық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қатысында талдау жүргізу тапсырылды.



«Қазақстан орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы

Акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»

Аталған талдауды жүргізу мақсатында Қор Басқармасының шешімімен «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының қызметте қолданылатын НҚА, ІРЖӨҚ, БП мен ҚБ-ге (нормативтік құқықтық актілер, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттар, бизнес-процестер мен құрылымдық бөлімшелер) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қатысында талдау жүргізу бойынша Іс-шаралар жоспары бекітілді, оған сәйкес Жұмыс тобы құрылды және барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен бөлімшелерден тыс қызметкерлердің қатысуымен сауалнама жүргізілді.

Талдау нәтижелері бойынша Талдамалық анықтама жасалды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілді, оған сәйкес Жұмыс тобының ұсынымдарын негізге ала отырып, бөлімшелер үшін іс-шаралар бекітілді.

Комплаенс-бақылаушы аталған Іс-шаралар жоспарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіп, Қордың Басқармасы мен Директорлар кеңесіне есептерді ұсынып отырды.

2020 жыл

Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс шеңберінде 2020 жылы мынадай іс-шаралар өткізілді.

Қордың ұйымдық құрылымына COMPLAENС-бақылаушының жеке құрылымдық бірлігі енгізілді, оның функцияларына, басқалармен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Қор қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру кіреді.

Қордың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оған сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне complaenс-бақылаушыны (complaenс қызметінің қызметкерлерін) тағайындауды мақұлдау, complaenс қызметін құру туралы шешім қабылдау, complaenс қызметінің сандық құрамын, жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу және complaenс-бақылаушыға (complaenс қызметінің



«Қазақстан орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы

Акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»

қызметкерлеріне) сыйлықақы беру мөлшері мен талаптарын айқындау, оның (олардың) атқарылған жұмысы туралы есептерін бекіту жөніндегі өкілеттіктер енгізілді.